

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
шешімімен бекітілген

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесі  
отырысының  
2022 жылғы 26 сәуірдегі № 2  
хаттамасына 4-қосымша

## **«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің, комитеттерінің және директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің, комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді және Қоғамның Директорлар кеңесінің, комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) қызметіне бағалау жүргізу процесін реттейді.

2. Директорлар кеңесі, комитеттер және директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

3. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің әрқайсысының ұзақ мерзімді құнның өсуіне және қоғамның тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

4. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның жеке мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, жалғыз акционердің өкілдері үшін де жүргізіледі.

Бағалауды жүргізу жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.

6. Бағалауды Директорлар кеңесі әлеуметтік мәселелер, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі Комитеттің тиісті бағасын ескере отырып, жыл сайынғы негізде жүргізеді. Бағалау тәсілдері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз консультантты тарту болып табылады. Тәуелсіз сыртқы консультант кемінде үш жылда бір рет тартылады.

7. Бағалау нәтижелері Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің бүкіл құрамын немесе оның жеке мүшесін қайта сайлау, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарау

үшін негіз болып табылады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызмет нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционермен консультациялар өткізеді.

Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

8. Жалғыз акционер Директорлар кеңесіне өзіндік бағалауды дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізе алады. Жалғыз акционер жүргізген бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы ескеріледі.

## **2. Бағалау жүргізу процесі, мерзімі және тәртібі**

9. Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі осы Қағидалармен регламенттеледі.

10. Бағалау жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген шешімде бағалау жүргізудің нақты мерзімдері (кестесі) және талап етілетін ресурстар (мысалы, материалдар, ақпарат, есептер және т.б.) айқындалады.

11. Бағалау жүргізу үшін тәуелсіз консультантты тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, осы шешім нақты негіздемемен расталуға тиіс. Атап айтқанда, мынадай жағдайлар тәуелсіз консультантты тарту үшін негіз болуы мүмкін: Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін сыни бағалау қажеттілігі; алдыңғы бағалаудың тиімді нәтижелерінің болмауы; Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру сияқты маңызды корпоративтік оқиғалар алдында және Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған өзге де жағдайлар.

12. Бағалау жыл сайын жылдық қаржылық есептілік аудитін аяқтау қорытындылары бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бағалау жылына екі немесе одан да көп рет жүргізілуі мүмкін.

13. Бағалау жүргізу өлшемшарттары, өңдеу әдістемесі және бағалау нәтижелерін қарау тәртібі осы Қағидалардың 3-6-бөлімдерінде келтірілген.

14. Бағалау жүргізу процесін Директорлар кеңесінің төрағасы үйлестіреді.

15. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысады.

Осы отырыста Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарманың, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының қызметін тұжырымдамалық тұрғыдан талқылап, олардың жұмысының тиімділігін төмендеткен факторларды анықтап, тиімділікті арттыру жолдарын ұсынуы, Қоғам қызметін басқару мен бақылаудың бірқатар түйінді проблемаларын талқылауы тиіс.

16. Бағалау, оның ішінде мынадай мәселелерді қарауды қамтиды:

1) Қоғам алдында тұрған міндеттер контекстінде Директорлар кеңесі құрамының оңтайлылығы (дағдылар, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, объективтілік);

2) Қоғамның пайымын, стратегиясын, негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын түсінудің анықтығы;

3) сабақтастық және даму жоспарлары;

4) Директорлар кеңесінің бірыңғай орган ретінде жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және Басқарма төрағасының Қоғам қызметіндегі рөлі;

5) Директорлар кеңесінің Қоғамның Жалғыз акционерімен, Басқармасымен және лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимылының тиімділігі;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының нәтижелілігі;

7) Директорлар кеңесі комитеттері қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен өзара іс-қимылы;

8) Директорлар кеңесіне берілетін ақпарат пен құжаттардың сапасы;

9) Директорлар кеңесіндегі, комитеттердегі талқылаулардың сапасы;

10) Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;

11) процестер мен құзыреттердің анықтығы;

12) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі;

13) Жалғыз акционермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау.

17. Бағалау алдыңғы бағалау нәтижелерімен салыстырмалы сипатта болуы тиіс.

18. Талқылау қорытындысы бойынша сындарлы және нақты болуы тиіс кері байланыс беріледі.

Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мынадай шаралар қолдануы мүмкін:

1) Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне және Корпоративтік хатшыға назар аудару қажет бірнеше басты міндеттерді/бағыттарды бөліп көрсету;

2) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының жоспарлары мен жұмыс әдістеріне түзетулер енгізу;

3) корпоративтік хатшыны сайлау кезінде бағалау нәтижелерін ескеру.

19. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағалау жүргізуге арналған нысандарды жібереді.

20. Бағалаудың орташа балы 3-тен төмен бес балдық бағалау кезінде болған, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі комитеттері, Корпоративтік хатшы тарапынан бірінші кезекте назар аударуды талап ететін өлшемшарттар жұмыстағы әлсіз тараптар және кемшіліктер деп танылады.

21. Жиналған ақпаратты жүйелеуді және өңдеуді жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы оның объективтілігі мен құпиялылығы үшін жауап береді.

### **3. Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу өлшемшарттары**

22. Жалпы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау өлшемшарттары

мыналар:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету;
- 2) Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы;
- 3) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі төрағасының рөлі мен міндеттері;
- 4) Директорлар кеңесі жұмысының рәсімдері, оның қызметін ақпараттық қамтамасыз ету;
- 5) Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасымен өзара іс-қимылы.

23. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін жеке бағалау олардың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысуын жандандыруға және жалпы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктер табуға мүмкіндік береді.

24. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне жеке бағалау жүргізу кезінде мынадай факторларға ерекше назар аудару ұсынылады:

- 1) Директорлар кеңесінің, құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі кіретін Комитеттің жауапкершілік саласына кіретін мәселелердегі құзыреттілік;
- 2) бизнесті жүргізу саласының ерекшеліктері мен саласын білу;
- 3) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысу;
- 4) Директорлар кеңесі комитетінің отырыстарында талқылауға қатысу дәрежесі;
- 5) Директорлар кеңесі отырыстарындағы белсенділік және шешімдер қабылдау процесіндегі дауыс беру сипаты;
- 6) Директорлар кеңесі мүшесінің жеке сипаттамалары және оның жұмысының тиімділігіне әсері (ұжымда жұмыс істей білу, қарым-қатынас жасау үшін қол жетімділік, өз көзқарасын қорғай білу, басқа біреудің пікірімен санасу қабілеті, қызметтің этикалық стандарттары).

25. Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін тұтастай бағалауға арналған сауалнамалар Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда келтірілген, оларды Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырады.

#### **4. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау**

26. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалауды Директорлар кеңесінің комитеттердің қызметін кейіннен талқылау, қорыту және қорытынды бағалауды қабылдау үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі жүзеге асырады.

27. Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау кезінде мыналар жүргізіледі:

- 1) Комитет қызметін жалпы Комитет туралы ереже нормаларымен салыстыру;
- 2) Комитет қызметі нәтижелерінің Директорлар кеңесінің күтулеріне сәйкестігін бағалау.

28. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалауға арналған сауалнамалар Қағидаларға 3-5-қосымшаларда келтірілген, оларды Директорлар кеңесінің тиісті Комитетінің әрбір мүшесі толтырады.

## **5. Корпоративтік хатшының қызметін бағалау**

29. Корпоративтік хатшының қызметін бағалауды Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі кейіннен талқылау, қорыту және Корпоративтік хатшының қызметін қорытынды бағалауды қабылдау үшін жүзеге асырады

30. Корпоративтік хатшының қызметін бағалау кезінде мыналар жүргізіледі:

1) Корпоративтік хатшының қызметін Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Корпоративтік хатшы туралы ереженің нормаларымен салыстыру;

2) Директорлар кеңесі отырыстарының ұйымдастырылуын бағалау;

3) Корпоративтік хатшының өз функционалдық міндеттерін орындау сапасын бағалау;

4) Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылдың тиімділігін бағалау.

31. Корпоративтік хатшының қызметін бағалауға арналған сауалнама Қағидаларға 6-қосымшада келтірілген, оны Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырады.

## **6. Өндеу әдістемесі және бағалау нәтижелерін қарау тәртібі**

32. Деректерді өндеу былай жүреді:

1) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырған сауалнама бойынша сандық ақпараттың орташа мәндерін есептеу;

2) жұмыс тиімділігінің жалпы бағасын сипаттайтын бағалау өлшемшарттарының әрқайсысы бойынша (Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Корпоративтік хатшы) жалпы орташа мәнді есептеу.

3) әрбір бағалау объектісі бойынша барлық түсіндірмелерді, ұсынымдар мен тілектерді пікірлердің барлық спектрін, бірақ авторлардың нұсқауларынсыз көрсететіндей етіп біріктіру.

33. Корпоративтік хатшы бағалаудың жинақталған нәтижелерін және тәуекелдер мен даму аймақтары туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің отырысында зерделеу және одан әрі талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасына береді.

34. Осы отырыс барысында директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бағалау нәтижелері тақырыбында сөз сөйлеу құқығын береді, бағалау объектілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар бойынша олардың ұсыныстарын жинайды. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшелері қалауы бойынша өзінің анонимділігін аша алады, яғни, олардың әрқайсысы қандай бағалар, түсініктемелер мен ұсынымдар бергенін хабарлай алады.

35. Бағалау объектілері қызметі тиімділігінің серпінін қадағалау үшін осы рәсімді жүргізудің екінші жылынан бастап бағалау нәтижелерін қарау екі аспектіде жүргізіледі: нақты кезеңдегі бағалау нәтижелерін қарау және ағымдағы

нәтижелерді (нақты бағалау кезеңінің нәтижелерін) алдыңғы кезеңнің нәтижелерімен салыстыру.

36. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің қызметін дамыту мен жетілдірудің бағыттары мен нақты іс-шаралары туралы Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдері отырыста бағалау нәтижелерін қараудың қорытындысы болуға тиіс.

## **7. Қорытынды ережелер**

37. Бағалау жүргізуге арналған өлшемшарттар корпоративтік құжаттардағы өзгерістерді көрсету мақсатында кезең-кезеңімен қайта қаралуға тиіс.

38. Қағидаларды бекіту, сондай-ақ Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде бағалау өлшемшарттарын өзгерту Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

---

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ жалпы  
Директорлар кеңесінің жұмысын бағалауға арналған сауалнама**

**Сауалнаманы толтыру тәртібі:** Директорлар кеңесінің мүшесі «Өлшемшарттар мен көрсеткіштер» бағанында келтірілген бекітуді бағалау нұсқасын бес балдық шкала бойынша таңдайды және таңдалған нұсқаны «Баллмен бағалау» бағанында белгілейді. Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар болған кезде директорлар кеңесінің мүшесі тиісті көрсеткіш бойынша «Ұсыныстар мен түсініктемелер» бағанын толтырады.

**Бес балдық бағалау шкаласы:**

- 1 балл - ешқашан дерлік/нашар
- 2 балл – кейде/ортадан төмен
- 3 балл – кейде / орташа
- 4 балл – әрдайым дерлік /орташадан жоғары
- 5 балл әрқашан / оңтайлы

**Пайдаланылған қысқартулар:**

ДК-Директорлар кеңесі.

Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ ұсыныстар мен түсіндірмелердің тізбесі жасалады.

№ р/б	Өлшемшарттар мен көрсеткіштер	Бағалау баллмен				
		1	2	3	4	5
1.	Ұйымда Директорлар кеңесіне нақты жеткізілген стратегия мен құндылықтар жиынтығы бар					
2.	ДК-нің барлық мүшелері ұйымның стратегиясы мен құндылықтарын қолдайды және талқылайды,					
3.	ДК-нің барлық мүшелерінің ұйымның негізгі бизнесі, оның стратегиялық бағыты және оның мақсаттарына жету үшін қандай қаржылық және адами ресурстар қажет екендігі туралы нақты түсінігі бар.					
4.	Директорлар кеңесі алдына мақсаттар қояды және осы мақсаттарға жету бойынша өз қызметінің нәтижелерін жыл сайын бағалайды					
5.	ДК отырыстары жан-жақты және терең талқылаулары бар пікірталастар сапасының жоғары					

	болуына жағдай жасайды.					
6.	ДК мүшелері ұйымның мүдделерін барынша ескере отырып, шешімдерді объективті және алқалы түрде қабылдайды					
7.	ДК мүшелері ұйымның жетістікке жетуі үшін ұжымдық жауапкершілікті сезінеді					
8.	Директорлар кеңесі ұйымның барлық мүдделі тараптарымен тиімді өзара іс-қимыл жасайды					
9.	Директорлар кеңесі ұйымның барлық мүдделі тараптарынан пікірлер мен түсініктемелер алу мүмкіндіктерін тиімді іздейді					
10.	Директорлар кеңесінің мүшелері алқалы орган ретінде орындауға тиіс функцияларды, сондай-ақ ДК бойынша әріптестерінің әрқайсысының функцияларын түсінеді					
11.	Директорлар кеңесінің мүшелерінде өз міндеттерін орындау үшін тиісті дағдылар мен тәжірибе бар.					
12.	Директорлар кеңесі оқиғаларға оң және сындарлы жауап береді, осылайша тиімді шешімдер қабылдау үшін жағдай жасайды және ашықтыққа ықпал етеді					
13.	ДК төрағасы тарапынан басшылық жасау стилі шешімдер қабылдаудың тиімді процесіне, сындарлы диалогқа ықпал етеді және Директорлар кеңесінің бірыңғай команда ретіндегі жұмысын қамтамасыз етеді					
14.	ДК төрағасы мен менеджмент (Басқарма) үйлесімді жұмыс істейді және олардың әртүрлі дағдылары мен тәжірибесі бір-бірін толықтырады					
15.	ДК барлық мүшелері Кеңес отырыстарына келеді және белсенді қатысады					
16.	ДК-де менеджментпен және басқа адамдармен ашық байланыс арналары бар, ол қарастырылуы тиіс барлық мәселелер бойынша тиісті түрде хабардар етіледі					
17.	ДК-нің ұйымдағы тәуекелдерді қарастыруға деген көзқарасы мәселелер үшін ашық, ал ДК кінәліні іздемей, оның орнына оқиғалардан белгілі бір сабақ алуға тырысады					
18.	ДК-де оның қызметінің максималды тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті мүшелердің оңтайлы саны бар					
19.	ДК-де оның оңтайлы тиімділігін қамтамасыз ететін білім, тәжірибе мен дағдылардың ең жақсы үйлесімі бар					



20.	ДК құзіреттілігінің сипаттамасы дұрыс құрастырылған, ал рөлдер мен міндеттер нақты анықталған, бұл барлық қажетті мәселелерге тиісті назар аударуды қамтамасыз етеді					
21.	ДК комитеттері тиісті түрде құрылды					
22.	ДК комитеттері өз функцияларын орындайды					
23.	ДК комитеттері Директорлар кеңесінің алдында нақты және толық көлемде есеп береді					
24.	Күн тәртібі әр отырысқа дайындалады					
25.	Күн тәртібі отырыста не болатынын дұрыс көрсетеді					
26.	Хатшы Директорлар кеңесіне ақпарат берудің маңызды арнасы ретінде әрекет етеді және төраға мен атқарушы емес мүшелерді қолдайды					
27.	Атқарушы мүшелердің жоғары деңгейдегі менеджерлер ретінде емес, Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде қосқан үлесі тиімді					
28.	Атқарушы емес мүшелер ДК жұмысына тиімді үлес қосады					
29.	Атқарушы емес мүшелер кемінде жылына бір рет жеке отырыс өткізе алады					
30.	ДК жиі отырыс жасайды және оның алдында тұрған барлық мәселелерді талқылауға уақыты жеткілікті					
31.	Уақыт тиімді бөлінеді және бақыланады, осылайша күн тәртібінің мәселелері бөлінген уақыт шеңберінде тиісті түрде қаралады					
32.	ДК алатын ақпарат сапасы мен нақтылық деңгейі бойынша қолайлы болып табылады					
33.	ДК мүшелері күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсынуға құқылы					
34.	Отырыстарда күн тәртібіне енгізілмеген мәселелер талқыланады					
35.	Күн тәртібіне бөлінген уақыт ішінде оларды дұрыс қарастыру үшін тым көп сұрақтар кіреді					
36.	ДК мүшелері ақпаратты алдын-ала алады, бұл оларға тиісті түрде танысуға мүмкіндік береді, ал қажет болған жағдайда қосымша түсіндірулер алу мүмкіндігі бар					
37.	Қажет болған жағдайда, әсіресе күн тәртібіндегі техникалық сипаттағы мәселелер бойынша қосымша түсініктемелер беріледі					
38.	Отырыс алдында ДК мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талқылайды					

39.	ДК циклі ұйым үшін маңызы бар барлық мәселелерді қамтиды, басымдық бойынша сараланады және ұйымның беделіне, оны жақсартуға және бедел тәуекелдеріне байланысты мәселелерді қарауды қамтиды					
40.	Әрбір мәжілістен кейін хаттама дайындалады, онда мәжілісте орын алған мәселелерді талқылау нақты көрсетіледі					
41.	Орындалуы Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдермен ұйғарылған іс-шараларды есепке алу журналы жүргізіледі және олардың орындалу барысы келесі отырыстарда талқыланады					
42.	ДК мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты мүдделер қақтығысы туралы хабардар етуге міндетті					
43.	ДК мүшелері өзінің басқа ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі мүшелігі туралы және т. б. хабардар етуге міндетті.					
44.	Директорлар кеңесі өзінің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарын айқындады және олармен тиісті байланыстың болуын қамтамасыз етеді					
45.	ДК ұйымның қызмет түрлерін және бүкіл ұйымдағы функциялар спектрін назарға ала отырып, тәуекелдерді басқарудың белсенді және жақсы құрылымдалған рәсімін пайдаланады					
46.	ДК мүшелері кеңеске тағайындау кезінде тиісті кіріспе тренингінен өтеді					
47.	ДК мүшелеріне даму қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тұрақты оқыту ұсынылады					
48.	ДК мүшелері үшін оқытуды ұйым тегін ұсынады					
49.	Құпиялылықты сақтау саясаты бар және ДК-нің барлық мүшелері оны орындайды					
50.	ДК мүшелерінің техникалық кеңес алуы үшін тиімді механизм қолданылады					
51.	ДК мүшелері өз қызметтері үшін тиісті сыйақы алады					
52.	ДК мүшелеріне сыйақы белгілеу үшін тиісті әдістер қолданылады					
53.	Отырыстардағы мінез-құлыққа қатысты Этикалық кодекс бар					
54.	Отырыстарда шешімдер қабылдау кезінде тиісті саясаттар мен басшылық қағидаттар назарға алынады					

55.	Саясаттар мен нұсқаулықтар толығымен күжатталған					
-----	---	--	--	--	--	--

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүшесі**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

*ТАӘ*

*(қолы)*

Жоғарыда келтірілген сұрақтарға, әсіресе сіз 3 және одан төмен баға қойған жауаптарыңызды негіздеу үшін түсініктемелер/пікірлемелер қалдырыңыз.

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын жеке бағалауға арналған сауалнама**

**Сауалнаманы толтыру тәртібі:** «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне қатысты оның пікірі қандай баллға сәйкес келетінін тандайды: 5 – өте жақсы, 4 – жақсы, 3 – қолайлы, 2-нашар, 1-өте нашар

<b>Т.А.Ә. Директорлар кеңесінің мүшесі</b>	<b>Кәсіби тәжірибесі</b>	<b>Сала ерекшелігін білуі</b>	<b>Іскерлік пікірлері</b>	<b>Стратегиялық пайымы</b>	<b>Отырыстарға қатысуы</b>	<b>Отырыстарға дайындығы</b>	<b>Командада жұмыс істеу</b>	<b>Белсенді қатысу</b>
<b>Балдардың орташа мәні</b>								

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің  
Аудит жөніндегі комитеттің қызметін бағалауға арналған сауалнама**

**Сауалнаманы толтыру тәртібі:** «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі «Өлшемшарттар мен көрсеткіштер» бағанында келтірілген бекітуді бағалау нұсқасын бес балдық шкала бойынша таңдайды және таңдалған нұсқаны «Баллмен бағалау» бағанында белгілейді. Аудит жөніндегі комитет жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар болған кезде Комитет мүшесі тиісті көрсеткіш бойынша «Ұсыныстар мен түсініктемелер» бағанын толтырады.

**Бес балдық бағалау шкаласы:**

1 балл-сәйкес келмейді

2 балл – сәйкес келмейтін сияқты

3 балл-ішінара сәйкес келеді

4 балл-сәйкес келмейді деуге келмейді

5 балл – пікір толығымен шындыққа сәйкес келеді

**Пайдаланылған қысқартулар:**

ДК-Директорлар кеңесі

Комитет-Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті

Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.

№ р/б	Өлшемшарттар мен көрсеткіштер	Бағалау баллмен				
		1	2	3	4	5
<b>Өкілеттіктер және жалпы ақпарат</b>						
1.	Комитет Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
2.	Комитет ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бақылауға (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына) жеткілікті көңіл бөледі					
3.	Комитет сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ заңнама мен қоғамның ішкі құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылауға жеткілікті көңіл бөледі					
4.	Комитеттің Қоғамның қаржы-шаруашылық					

	қызметін тиісті бақылау үшін қажетті құралдары бар					
<b>Құрамы</b>						
5.	Комитеттің сандық құрамы ДК қажеттіліктеріне сәйкес келеді					
6.	Комитет төрағасы Комитетті тиімді басқарады					
7.	Қоғамның Комитеттің сандық және сапалық құрамына, оның мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесінің, білімінің және басқа да қажетті қасиеттерінің болуына қатысты Директорлар кеңесі қабылдаған және іске асыратын саясаты бар					
8.	Комитеттің нақты құрамы (оның мүшелерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) оған аудит комитеті туралы ережеде жүктелген міндеттерді орындауға мүмкіндік береді					
9.	Комитеттің алқалы орган ретіндегі жұмысы тиімді болып табылады					
<b>Жұмыс тәртібі</b>						
10.	Комитет өз жұмысының жоспарын жасайды және қарауға жататын мәселелердің басымдылығы мен маңыздылығын тиімді айқындайды					
11.	ДК мүшелері Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін Комитеттен жеткілікті ақпарат алады					
12.	Комитет отырыстарының хаттамаларында негізгі мәселелер мен тәуекелдер қысқаша және жеткілікті нысанда сипатталады, одан әрі оңтайлы шешімдер қабылдау үшін Комитет отырыстарының күн тәртібінің мәселелерін түсінуге мүмкіндік беретін қажетті егжей-тегжейлі мәліметтер келтіріледі					
13.	Комитет өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынады					
<b>Міндеттері мен жауапкершілігі</b>						
<b>Қаржылық есептілік мәселелері бойынша</b>						
14.	Комитет қаржы есептілігінің шынайылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін оны дайындау процесін бақылауға ДК-ға жәрдемдеседі					
15.	Комитет алдағы есеп саясатындағы елеулі өзгерістерді мақұлдайды					
16.	Комитет 1) Қаржылық (бухгалтерлік) және басқа да есептілікті дайындау үшін Қоғам пайдаланатын ақпараттық жүйелер бизнестің сипатына, өңделетін ақпараттың көлемі мен күрделілігіне қаншалықты					

	сәйкес келетінін; 2) қол операцияларын барынша азайту және алып тастау үшін қаржылық және басқа да есептілікті дайындау кезінде Қоғамның ақпараттық жүйелерді пайдалану дәрежесін және тиісті ұсынымдар беретінін талқылайды.					
17.	Комитет қаржылық есептілікті дайындау кезінде қоғам пайдаланатын елеулі бағалаулар мен жол берулерді талқылайды және тиісті ұсынымдар береді					
18.	Комитет Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін қарайды және олар бойынша тиісті қорытынды жасайды					
19.	Комитет ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесіне жыл сайын бағалау жүргізеді және тиісті ұсынымдар береді					
20.	Комитет қоғамда барабар бақылау ортасын құруға ықпал етеді					
21.	Комитет ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің кемшіліктері мен әлсіз жақтары туралы ақпаратты ДК-ге уақтылы жеткізеді және тиісті ұсынымдар береді					
<b><i>Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша</i></b>						
22.	Комитет аудиторға төленетін сыйақы, аудит жүргізудің көлемі мен мерзімдері, аудиттің аралық және түпкілікті нәтижелерінің аудитор ұсынатын мерзімдері мен форматтары мәселесін қоса алғанда, сыртқы аудитормен жасалатын шарттың жобасын қарайды және тиісті ұсынымдар береді					
23.	Комитет сыртқы аудиторды ауыстыру бойынша ұсынымдар береді					
24.	Комитет сыртқы аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін шаралар қабылдау жөнінде ұсынымдар береді					
25.	Комитет мақұлдаған сыртқы аудиттің жоспары мен көлемі ДК қажеттіліктеріне жауап береді					
<b><i>Ішкі аудит мәселелері бойынша</i></b>						
26.	Комитет Ішкі аудит қызметінің жұмысына тиімді жетекшілік етеді					
27.	Комитет оның мақсаттарына қол жеткізу үшін ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функцияларының өзектілігіне мерзімді бағалау жүргізеді және тиісті ұсынымдар береді					
28.	Комитет Ішкі аудит қызметінің басшысын атқаратын лауазымына тағайындауға/босатуға,					

	еңбек шартының талаптарын, жалақы деңгейін, сыйлықақылар (бонустар), өндіріп алулар және т. б. айқындауға байланысты мәселелерді қарайды және тиісті ұсынымдар береді					
29.	Комитет Ішкі аудит қызметінің құрылымын, штат санын және жасақтау мәселесін, ішкі аудит қызметінің бюджетін қарайды және тиісті ұсынымдар береді					
30.	Комитет Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын мақұлдайды және тиісті ұсынымдар береді					
31.	Комитет Ішкі аудит қызметінің тұрақты есептерін қарайды және тиісті ұсынымдар береді					
32.	Комитет Ішкі аудит қызметіне жүктелген функцияларды тиімді орындауға кедергі келтіретін елеулі шектеулер мәселесін қарайды және тиісті ұсынымдар береді					
33.	Комитет Ішкі аудит қызметінің ішкі аудит қызметінің жұмысын қажетті рәсімдерді жазбаша регламенттеумен қамтамасыз ету мәселесін қарайды және тиісті ұсынымдар береді					
34.	Комитет Ішкі аудит қызметі қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізе ме және тиісті ұсынымдар бере ме					
<b><i>Заңнаманы сақтау мәселелері бойынша</i></b>						
35.	Комитет Қоғамның заңнаманы сақтауын қамтамасыз етуге арналған рәсімдердің тиімділігіне бағалау жүргізеді және тиісті ұсынымдар береді					
36.	Комитет Қоғамды корпоративтік басқару кодексінің сақталуын қамтамасыз етуге арналған рәсімдердің тиімділігіне бағалау жүргізеді және тиісті ұсынымдар береді					
37.	Комитет барлық елеулі теріс пайдаланулар мен корпоративтік басқару кодексін бұзу жағдайлары туралы Директорлар кеңесіне осындай жағдайлардың тиісінше қаралғанын куәландыра отырып және қажетті шаралар қабылдай отырып уақтылы хабарлайды және тиісті ұсынымдар береді					
38.	Комитет қарауға жататын ықтимал теріс пайдаланулар мен бұзушылықтар туралы ДК-ге уақтылы хабарлайды					
39.	Комитеттің ұсыныстары ДК салмақты шешімдерін қабылдауға ықпал етеді					



**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ**  
**Директорлар кеңесінің мүшесі**

ТАӘ

(қолы)

Жоғарыда келтірілген сұрақтарға, әсіресе сіз 3 және одан төмен баға қойған жауаптарыңызды негіздеу үшін түсініктемелер/пікірлемелер қалдырыңыз.

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің қызметін бағалауға арналған сауалнама**

**Сауалнаманы толтыру тәртібі:** «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі «Өлшемшарттар мен көрсеткіштер» бағанында келтірілген бекітуді бағалау нұсқасын бес балдық шкала бойынша таңдайды және таңдалған нұсқаны «Баллмен бағалау» бағанында белгілейді. Аудит жөніндегі комитет жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар болған кезде Комитет мүшесі тиісті көрсеткіш бойынша «Ұсыныстар мен түсініктемелер» бағанын толтырады.

**Бес балдық бағалау шкаласы:**

- 1 балл-сәйкес келмейді
- 2 балл – сәйкес келмейтін сияқты
- 3 балл-ішінара сәйкес келеді
- 4 балл-сәйкес келмейді деуге келмейді
- 5 балл – пікір толығымен шындыққа сәйкес келеді

**Пайдаланылған қысқартулар:**

ДК-Директорлар кеңесі.

Комитет-Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті.

Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.

№ р/б	Өлшемшарттар мен көрсеткіштер	Баллмен бағалау				
		1	2	3	4	5
<b>Өкілеттіктер және жалпы ақпарат</b>						
1.	Комитет стратегиялық жоспарлаудың тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
2.	Комитет даму жоспарын қарауға жеткілікті көңіл бөледі					
3.	Комитет даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарауға жеткілікті көңіл бөледі					
4.	Комитеттің бекітілген даму жоспарының орындалуын талдау және бағалау үшін қажетті құралдары бар					
<b>Құрамы</b>						
5.	Комитеттің сандық құрамы ДК қажеттіліктеріне сәйкес келеді					

6.	Комитет төрағасының басшылығы тиімді болып табылады					
7.	Қоғамның Комитеттің сандық және сапалық құрамына, оның мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесінің, білімінің және басқа да қажетті қасиеттерінің болуына қатысты Директорлар кеңесі қабылдаған және іске асыратын саясаты бар					
8.	Комитеттің нақты құрамы (оның мүшелерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) оған стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеде жүктелген міндеттерді орындауға мүмкіндік береді					
9.	Комитет мүшелерінің алқалы орган ретіндегі жұмысы тиімді болып табылады, Комитет мүшелерінің ерекше пікірлер айтуы көтермеленеді					
<b><i>Жұмыс тәртібі</i></b>						
10.	Комитет қарауға жататын мәселелердің басымдылығы мен маңыздылығын айқындайды және өз жұмысының жоспарын жасайды					
11.	Комитет отырыстарының хаттамаларында одан әрі оңтайлы шешімдер қабылдау үшін Комитет отырыстарының күн тәртібінің мәселелерін түсінуге мүмкіндік беретін қажетті егжей-тегжейлі мәліметтер келтіріледі					
12.	Комитет өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынады					
<b><i>Міндеттері мен жауапкершілігі</i></b>						
13.	Комитет ДК-ге даму жоспарларын және даму жоспарын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын дайындау процесін бақылауға жәрдемдеседі					
14.	Комитет даму жоспарының алдағы елеулі өзгерістерін мақұлдайды					
15.	Комитет ұйымдық құрылым даму жоспарына қаншалықты сәйкес келетінін талқылайды					
16.	Комитет даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы тоқсан сайынғы есептерді қарайды					

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ»  
Директорлар кеңесінің мүшесі

\_\_\_\_\_ ТАӘ (қолы)

Жоғарыда келтірілген сұрақтарға, әсіресе сіз 3 және одан төмен баға қойған жауаптарыңызды негіздеу үшін түсініктемелер/пікірілемелер қалдырыңыз.

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің  
Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің  
қызметін бағалауға арналған сауалнама**

**Сауалнаманы толтыру тәртібі:** «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі «Өлшемшарттар және көрсеткіштер» бағанында келтірілген бекітуді бағалау нұсқасын бес балдық шкала бойынша таңдайды және таңдалған нұсқаны «Баллмен бағалау» бағанында белгілейді. Аудит жөніндегі комитет жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар болған кезде Комитет мүшесі тиісті көрсеткіш бойынша «Ұсыныстар мен түсініктемелер» бағанын толтырады.

**Бес балдық бағалау шкаласы:**

- 1 балл-сәйкес келмейді
- 2 балл – сәйкес келмейтін сияқты
- 3 балл-ішінара сәйкес келеді
- 4 балл-сәйкес келмейді деуге келмейді
- 5 балл – пікір толығымен шындыққа сәйкес келеді

**Пайдаланылған қысқартулар:**

ДК-Директорлар кеңесі.

Комитет-Директорлар кеңесінің әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті.

Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.

№ р/б	Өлшемшарттар мен көрсеткіштер	Баллмен бағалау				
		1	2	3	4	5
<i>Өкілеттіктер және жалпы ақпарат</i>						
1.	Комитет тәуелсіз директорларға кандидаттарды сайлаудың немесе тағайындаудың тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
2.	Комитет Басқарма құрамына кандидаттарды сайлаудың немесе тағайындаудың тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
3.	Комитет Ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына кандидаттарды сайлаудың немесе					

	тағайындаудың тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
4.	Комитет Корпоративтік хатшы лауазымына кандидаттарды сайлаудың немесе тағайындаудың тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
5.	Қоғамда ДК және Басқарма мүшелерінің, ДК комитеттерінің, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен Корпоративтік хатшының сабақтастығын жоспарлау саясаты бар					
6.	Комитет өз міндеттерін орындауға жеткілікті көңіл бөледі					
7.	Комитет ақылға салынған шешімдер қабылдауға және ДК отырыстарын неғұрлым ұйымдасқан және тиімді етуге мүмкіндік беретін пайдалы ұсынымдар береді					
8.	Комитет ДК мүшелеріне сыйақы берудің тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
9.	Комитет Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
10.	Комитет ДК-ге есеп беретін қызметтердің басшылары мен қызметкерлеріне сыйақының тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
11.	Комитет Корпоративтік хатшыға сыйақының тиімді жүйесін белгілеуге жәрдемдеседі					
12.	Комитет қоғамда ДК мүшелеріне, Басқармаға, ДК-ге есеп беретін қызметтердің басшыларына және Корпоративтік хатшыға сыйақының құрылымдалған және ашық жүйесін енгізуге жәрдемдеседі					
13.	Комитет Қоғамның мақсаттарына, міндеттеріне және ағымдағы жағдайына және қызметтің түрі мен ауқымы бойынша ұқсас компаниялардағы, компаниялардағы сыйақы деңгейіне сәйкес ДК мүшелері, Басқарма мүшелері, ДК-ге есеп беретін қызметтердің басшылары және корпоративтік хатшы үшін сыйақы белгілеуге жәрдемдеседі					
14.	Комитет өз міндеттерін орындауға жеткілікті көңіл бөледі					
<b>Құрамы</b>						
15.	Комитеттің сандық құрамы ДК қажеттіліктеріне сәйкес келеді					

16.	Комитет төрағасының басшылығы тиімді болып табылады					
17.	Қоғамда Комитеттің сандық және сапалық құрамына, оның мүшелерінің дағдыларының, тәжірибесінің, білімінің және басқа да қажетті қасиеттерінің болуына қатысты ДК қабылдаған және іске асыратын саясат бар					
18.	Комитеттің нақты құрамы (оның мүшелерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) оған Комитет туралы ережеде жүктелген міндеттерді орындауға мүмкіндік береді (Комитет мүшелерінің Комитеттің өкілеттік саласы мәселелері бойынша жеткілікті тәжірибесі мен білімі бар)					
19.	Комитет мүшелерінің бірлескен жұмысы тиімді болып табылады, Комитет мүшелерінің ерекше пікірлер айтуы көтермеленеді					
<b><i>Жұмыс тәртібі</i></b>						
20.	Комитет қарауға жататын мәселелердің басымдылығы мен маңыздылығын тиімді айқындайды және өз жұмысының жоспарын жасайды					
21.	Сіз директор ретінде Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдау үшін Комитеттен жеткілікті ақпарат аласыз ба?					
22.	Комитет отырыстарының хаттамаларында негізгі мәселелер мен тәуекелдер көрсетілген, одан әрі оңтайлы шешімдер қабылдау үшін Комитет отырыстарының күн тәртібінің мәселелерін түсінуге мүмкіндік беретін қажетті егжей-тегжейлі мәліметтер келтіріледі					
23.	Комитет отырыстары хаттамаларының көшірмелері ДК мүшелерінің уақтылы шешім қабылдауы мақсатында уақтылы ұсынылады					
24.	Комитет өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынады					
<b><i>Міндеттері мен жауапкершілігі</i></b>						
25.	Комитет Тәуелсіз директорлыққа кандидаттар үшін біліктілік талаптарын дайындайды					
27.	Комитет Тәуелсіз директорлыққа, ДК-ге және Корпоративтік хатшыға есеп беретін қызметтердің қызметкерлеріне, сондай-ақ ДК					

	құзыреті мәселелері бойынша өзге де лауазымдарға кандидаттарға ұсынымдар әзірлейді					
28.	Комитет ДК жаңадан сайланған мүшелері үшін қызметке кірісу бағдарламасын әзірлеуге қатысады					
28.	Комитет ДК мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау саясатын әзірлеуге қатысады					
30.	Комитет ДК-ге өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар береді					
31.	Комитет Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және өзге де қызметкерлерге сыйақы беру саясаты мен құрылымы бойынша ұсынымдар әзірлейді					
32.	Комитет Директорлар кеңесіне Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ДК мүшелеріне, Басқармаға, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және өзге де қызметкерлерге сыйақы мөлшерін өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізеді					
33.	Комитет Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам қызметкерлерінің жекелеген санаттарына жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеу туралы мәселені қарайды					
34.	Комитет Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне (жеке-дара атқарушы органға) сыйақы төлеу жөніндегі үлгілік ережелерді қарайды және тиісті ұсыныстар мен ескертулер енгізеді					
35.	Комитет ауқымы мен қызмет түрі бойынша ұқсас қазақстандық және шетелдік компаниялардағы ДК мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының, Корпоративтік хатшының сыйақы деңгейі мен саясатына салыстырмалы талдау жүргізеді					
36.	Комитет ДК тапсырмаларына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша ДК-ге ұсынымдар береді					

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ**  
**Директорлар кеңесінің мүшесі**

\_\_\_\_\_

ТАӘ

\_\_\_\_\_

(қолы)

Жоғарыда келтірілген сұрақтарға, әсіресе сіз 3 және одан төмен баға қойған жауаптарыңызды негіздеу үшін түсініктемелер/пікірлемелер қалдырыңыз.



### Корпоративтік хатшының қызметін бағалау

**Сауалнаманы толтыру тәртібі:** Директорлар кеңесінің мүшесі «Бағалау өлшемшарты» бағанында келтірілген бекітуді бағалау нұсқасын бес балдық шкала бойынша таңдайды және таңдалған нұсқаны «Баллмен бағалау» бағанында белгілейді. Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар бар болса.

**Бес балдық бағалау шкаласы:**

- 1 балл - ешқашан дерлік/нашар
- 2 балл – кейде/ортадан төмен
- 3 балл – кейде / орташа
- 4 балл – әрдайым дерлік /орташадан жоғары
- 5 балл әрқашан / оңтайлы

**Пайдаланылған қысқартулар:**

ДК-Директорлар кеңесі.

Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ ұсыныстар мен түсіндірмелердің тізбесі жасалады.

№ р/б	Бағалау өлшемшарты	Бағалау баллмен				
		1	2	3	4	5
1.	Корпоративтік хатшы жаңадан сайланған ДК мүшелеріне түсіндірмелер береді					
2.	ДК жыл сайынғы жұмыс жоспарын уақтылы әзірлеуді қамтамасыз етеді					
3.	ДК мүшелеріне сұратылған ақпаратты беруді қамтамасыз етеді					
4.	ДК мүшелеріне ДК материалдары бойынша кеңес береді					
5.	Күн тәртібі мен материалдарды ДК мүшелеріне уақтылы жібереді					
6.	Қатыспаған мүшелерді қабылданған шешімдер туралы хабардар етеді					
7.	ДК мүшелеріне ДК қарауына енгізілетін құжаттардың ережелерін түсіндіреді					
8.	ДК шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді					
9.	Қоғам органдары арасында уақтылы ақпарат					

	алмасуды қамтамасыз етеді					
10.	Қоғам сайтында ДК қызметіне қатысты ішкі құжаттарды орналастырады					

**«QazExpoCongress» ҰК» АҚ**  
**Директорлар кеңесінің мүшесі**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ *ТАӘ*

*(қолы)*

Жоғарыда келтірілген сұрақтарға, әсіресе сіз 3 және одан төмен баға қойған жауаптарыңызды негіздеу үшін түсініктемелер/пікірлемелер қалдырыңыз.